Түркістан облысы

«Қазына» бөбекжайы

«Балапан» кіші тобы

«Бекітемін»

«Қазына» бөбекжайы

меңгерушісі

_________ Э.А.Бегалиева

# Ашық көрсетілім

Тақырыбы:

## «Судың қасиетімен танысу»




Тәрбиешілер: Тастанбекова Х.

Сакибекова Б.


2022-2023 оқу жылы

Білім беру саласы: Таным

Ұйымдастырылған іс-әрекет: Жаратылыстану.

Тақырыбы: Судың қасиеттерімен танысу..

Мақсаты: Балаларға су туралы түсінік беру,судың қажеттілігін,оның адамдардың, құстардың, жануарлар мен өсімдіктер тіршілігіне маңыздылығын,судың табиғатта баға жетпес сый екендігін айту.Суды үнемдеп пайдалануға,суды ластамауға тәрбиелеу.
Көрнекілігі: Қыс мезгілінің суреттері.

Қажетті құрал -жабдықтар: 3стакан су, 3шикі жұмыртқа,тұз,бояу, қант,бос банка,май еріткіш таблетка,мұз,қар.

| Ұйымдастырылған іс-әрекет кезеңдері | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Шаттық шеңбері<br>Самал жел бізді желдетші,<br>Күн нұры бізді жарқырат.<br>Таза ауа бізге дем берші,<br>Мөлдір су бізді салқындат.<br>Тамаша!<br>Ал балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Дұрыс айтасыңдар балалар.Қазір қыс мезгілі.<br>Қыс мезгілі неше айдан тұрады?<br>Олардың аттарын білесіңдер ме?<br>Дұрыс желтоқсан, қаңтар, ақпан айларынан тұрады.<br>Қазір қандай ай? -<br>Өте дұрыс айтасыңдар балалар.<br>Қазір ақпан айы.<br>-Қыс мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады екен?<br>Жарайсыңдар балалар.<br>Тәрбиеші балаларды 4 топқа бөліп, тәжірибе жасайды.<br>Ұйымдастырылған іс-әрекетіміздің тақырыбы «Судың қасиеттерімен танысу.»<br>Балалар қалай ойлайсыңдар мұзды, | Балалар тәрбиешінің соңынан қайталайды.<br>Қимыл-қозғалыстар жасайды.<br>-Қыс мезгілі.<br><br>-Қыс мезгілі 3айдан тұрады.<br>желтоқсан, қаңтар, ақпан.<br>Ақпан айы.<br><br>Күн суық болады.<br>Айнала аппақ түске боялады.<br><br>Балалардың жауаптары |

| | | |
|---|---|---|
| | қарды жылы жерге әкелгенде мұзда не жиналады ?<br>-Әрине ериді. | |
| | Бүгін біз ұйымдастырылған іс-әрекетімізде «су» сендермен бірнеше тәжірибелер жасаймыз<br>Тәжірибе судың қасиеті.<br>1. Ал судың иісі бар ма?<br>Иіскеп көреді<br>Дұрыс айтасыңдар. | Балалар тәрбиешімен бірге иіскеп көріп судың иісінің жоқтығын айтады. |
| | 2.Судың пішіні бар ма?.<br>Судың пішіні жоқ екен.<br>Біз қазір судың пішіні бар ма жоқ па? Анықтаймыз,<br>Тәрелкеге су құю әрине жоқ суды қай ыдысқа құясың ол сондай пішінді болады. | тәрбиешімен бірге тәрелкеге су құйып көреді<br><br>Балалар суды ішіп көреді. |
| | 3.Судың дәмі бар ма?<br>Судың дәмі жоқ.Оны да біз бақылаймыз.<br>Қолдарында ыдысқа суға құйылған,осы суға кейбіреулерің суға қант қосып көріңдер,келесі стаканға тұз қосып көредір.Суды ішіп көріңдер дәмі қандай болады.Суға біз не қоссақ сол заттың дәмін сеземіз,судың дәмі жоқ.Балалар сонымен су түссіз, иссіз,тұрақты пішіні жоқ табиғи рисурс.Балалар сендер білесіңдер ма? судың 3-қасиеті бар.<br>Сұйық,қатты, бу.<br>Стаканға су құйып тоңазытқышқа қойсақ ол мұзға айналады.Ал мұзды жылы жерге қойсақ ол еріп суға айналады. Суды қайнатсақ су буға айналады. | суға қант қосып көреді.Келесі бала стаканға тұз қосып көреді<br><br>Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. |
| | Тәжірибе.<br>Керек заттар:<br>3стакан су, 3шикі жұмыртқа,тұз керек.<br>Бір стаканға су құйып шикі жұмыртқаны саламыз, жұмыртқа су түбіне батып кетеді тығыздығы аздап 2 стаканға 6 қасық тұз салып | Балалар тәрбиешінің көмегімен тәжірибе жасап көреді. |

| | | |
|---|---|---|
| | әбден қозғаймыз тұз ериген соң жұмыртқаны саламыз, жұмыртқа суға батпай су бетіне шығады өйткені суды тығыз болдырған тұз. 3-стаканға 2 қасық тұз салып әбден қозғаймыз енді жұмыртқаны саламыз жұмыртқа суда айналып жүреді. Тұз судың тұздылын арттырып судағы тұздың мөлшері көбейген су мен тұз теңесті.<br>Тәжірибе.<br>Керекті заттар: Бізге 2 стакан су керек біреуі жылы,бояу,қатты картон. | |
| | Мұздай суға қызыл бояу,жылы суға жасыл бояу қосамыз, екі бояуды араластырып,жылы бояудың бетіне картон қойып төңкереміз, кейін картонды жәй алып тастаймыз.Сода не байқадыңдар балалар 2стакандағы су араласпайды екен.Көрдіңдерма балалар бұл жерде жылы ауа жоғарыда ,суық су төмен жақта ыстық судың тығыздығы көп болғандықтан төмен себебі ыстық судың тығыздығы аз екен балалар.<br>Тәжірибе.<br>Керекті заттар: 1бос банка , май,жылы су, еріткіш таблетка,бояу ,1стакан жылы суға қызыл бояу салып ерітіп аламыз. | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап қызығушылық тарын танытады. тәжірибені бірге орындайды. |
| | Бір бос банкаға май құямыз осы майға су құямыз,бұл жерде көпіргіш шықты,май үстінде су астына кетті.Өйткені тығыздыққа байланысты.Енді банкаға бояуды тамызамыз банкадағы су көтеріледі балықтың уылдырығына ұқсайды екен.Оған көпіргіш таблетканы саламыз,Қолымызға банканы қоямыз қарандаршы балалар не деген от шашу пайда болды су біртіндеп көтерілді.осы от шашуымыз қандай заңдылыққа сүйенген | Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдайды, түсінбеген жерін тәрбиешіден сұрап тәжірибені бірлесе орындайды. |

| | | |
|---|---|---|
| | деп ойлайсындар,әрине тығыздық-қа байланысты екен балалар.<br>Бүгінгі жасаған тәжәрибемізді қорытынды-лай келе:банкаға май құйдық, майға су құйдық сонда май жоғарыға көтерілді,су астына түсті себебі майдың тығыздығы судан аз болды одан оған көпіргіш таблетка салғанда оның бойынан көмір-қышқыл газ бөліне бастады оның әсерінен от шашу басталды.<br>Қорытынды.<br>Балалар сендерге бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекет ұнады ма?<br>Қайсы тәжірибеміз қаттырақ ұнады?<br>Судың неше қасиеті болады екен?<br>Қане атап берейікші?<br>Жарайсыңдар балалар! Сендер бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар?<br>Рақмет сендерге! | Балалар қызығу-шылықпен таңдана қарайды.<br>Ия.<br>Соңғы судан отшашу шыққан тәжірибе.<br>Судың үш қасиеті болады.<br>Сұйық, қатты, бу.<br>Балалар ризашылықтарын білдіреді, қуанады. |

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Судың түссіз,иіссіз сұйық зат. Сусыз тіршілік жоқ екенін.

Игереді: Су дәмсіз, бірақ тұз,қант қосқанда дәмі өзгереді.

Меңгереді: Судың пішіні болмайды,суды ластауға болмайтындығын білді.

Әдіскер:



***«Балапан» кіші тобы ұйымдастырылған ашық оқу іс-әрекеті.***

***Тақырыбы: Судың қасиеттері.***

